

# «Мен Отанымды сүйемін»

(Республика күніне орай тәрбие сағаты)

Өткізген тәрбиеші: Бейсова .Э.Т

2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы:** «25-қазан Республика күні»

**Мақсаты:** Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға іеген патриоттық сезімдерін ояту. ҚР рәміздерін қайталап, еске түсіру.

**Сөрнекілігі:** Ту, Елтаңба, ұлы тұлғалардың суреттерін ілу. ҚР картасының суреті.

**. Әнұран.**

**Гәрбиеші:**

Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Керімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Полсаң да биік аспаннан

Қарқырап кені тастардан

Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі

Республикама қарашы!

Есік қағылады)

**Елші:**

Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

**Гәрбиеші:**

Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау  
еймін.

**Елші:**

Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің  
бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

**Гәрбиеші:**

Олай болса, кош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне арналған тәрбие сағат  
өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

**Елші:**

Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың,  
қасиетті мекендерің қай Республика?

**Балалар:**

Қазақстан Республикасы.

**Елші:**

Президент кім?

**Балалар:**

Қасымжомарт Тоқаев

**Елші:**

Отандарыңның астанасы қай қала?

**Балалар:**

Астана қаласы.

**Елші:**

Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?

**Балалар:**

Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.

**Елші:**

Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

**Гәрбиеші:**

Әнұраным, жан ұраным

Айтар әнім, сөйлер сөзім

Туған жерім сағынарым  
Мәңгі - бақи шырқалады  
Республикам, Әнұраным

**Диас:**

Мен оның түнін сүйем күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.

**Ижу:**

Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

**Муслим:**

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған Отан деп сыбырлаған.

**Асылым:**

Қаным менің кеудемді жарып шықта,  
Бозторғайы бол оның шырылдаған.

**Абдулхамит:**

Отан, отан, бәрінен биік екен,  
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

**Гәрбиеші:**

**Элтаңба (бейнесімен таныстыру)**

Элтаңбасы елімнің  
Теткен көркем, әдемі  
Гұнығындай көңілдің  
Ортада аспан әлемі.

### Көк байрақ (бейнесімен таныстыру)

Карасқан байрақтың мәні бар

Көк аспан, көк қыран сәні бар

Көк байрақ ашық көк кеңісін

Алтын күн – белгісі жеңістің.

**Гапсырма:** Елтаңбаның, тудың суреті беріледі. Балалар өздері қалаған (ермексаз, түрлі-үсті бояу, карандаш, түрлі-түсті қағаздар) алып суретпен жұмыс жасайды.

**Гәрбиеші:-** Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп қырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

**Гәрбиеші:** Балалар, егер біз Отанымызды сүйетін болсақ, оның мемлекеттік тілін жақсы білуге міндеттіміз. Мемлекеттік тіліміз қай тіл?

**Балалар:-**Қазақ тілі

**Елші:**

Сүйкімді балақайлар бүгін мен қойған сұрақтарға дұрыс жауап бергендеріңе көп-көп рахмет! Сендерге арналған сыйлықтарымды сендерге табыстайын

**Гәриеші:-**Елші сіз бізге қонаққа келгеніңізге көп-көп рахмет! Кәнекей балалар елшіге рахмет айтайық. Елші өз еліне кетуі керек. Сау болыңыз!

**Гәрбиеші:**

Мен қазақтың биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым өмірге қайта келдім

Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске

Қаса – жаса мәңгіге туған елім.

25 Қазан-Республика күніне арналған тәрбие сағатымыз аяқталды

